## «Жас Ұлан» мектеп Кеңес құрамының құрылымы

**Ұланбасы**

орынбасарлары

бөлімбасылар

сыныпбасылар

бөлімшелер

хатшы

Кеңес бөлімдері

«Зерде» бағытының бөлімбасы

«Отан» бағытының бөлімбасы

«Руханият» бағытының бөлімбасы

«Салауат» бағытының бөлімбасы

«Экоәлем» бағытының бөлімбасы

«Жеті жарғы» бағытының бөлімбасы

«Еңбек» бағытының бөлімбасы

## "Жас Ұлан" және "Жас Қыран" ұйымдарының ресми нышандары

| | |
|---|---|
|  | «Жас Қыран» белгісі. Қыран бейнесі қазақ елінің өскелең ұрпағы қырандай күшті, білімді, әрқашанда биік шыңдардан көрініп, алғыр болуының айғағы. Белгінің жоғарғы оң жағында шуағын шашып тұрған күн бейнеленген. Күн - жастарға болашаққа нық сеніммен қарауға жол ашады. жалпы күн бейнесі өміршеңдіктің, байлықтың белгісі.<br>Төсбелгі көлемі 10 мм*20 мм. Темірден жасалған көк сары түс. |
|  | «Жас Ұлан» белгісі. Дөңгелек шар тәрізді форма. Шар - өмір мен мәңгіліктің бейнесі. шардың жоғары жағында өрнек - бұл қазақстанның төбесінді мәңгілік күн жарқырап тұруының белгісі. Бейбітшіліктің, тұрақтылықтың нышаны. шардың ортасында Алтын адам бейнеленген, ол еліміздің Тәуелсіздігінің символы.<br>Төсбелгі көлемі 15мм*15мм.Темірден жасалған көк сары түс. |
|  | «Жас Ұлан» галстугі. Ашық көк түсті оң жақ бұрышында ұйымның белгісі тігілген. Көк түс - жастарымыздың білімі теңіздей терең, бейбіт өмір сүру мен тәуелсіз болуының нышаны және молшылықтың белгісі. |

**«Жас Ұлан» балалар мен жасоспірімдер ұйымының әні**

1)Бабалар дәстүрін жалғаған,
Қиялы биікке самғаған,
Көшбасшы,соңына қалмаған,
Қыранбыз,қанатын самғаған.

**Қайырмасы:**Жас Ұлан елімнің ертеңі
Жас Ұлан жазылар өркені
Қазақстан кемесін қазақтың 2 рет
Жас Ұлан жайылған желкені

2)Таныған ғаламның сырларын,
Жаттаған тарихтың жырларын
Дені сау ұрпаққа болар
Айтары ашар деп гүл бағын

**Қайырмасы:**Жас Ұлан елімнің ертеңі
Жас Ұлан жазылар өркені
Қазақстан кемесін қазақтың
Жас Ұлан жайылған желкені
Ұлы ел кемеңгер бастаған. 2 рет
Ұлы жер таулары жастаған.
Қазақстан кемесін қазаққа
Жас Ұлан шырқалған асқақ ән.

**Реп:**Күш қайраты тасыған
Албыр өскен жасынан
Болашағы елімнің
Жас Ұлан мен жас қыран
Қиындықтан қашпаған ,
биік шыңға бастаған.
Отанымыз-Қазақстан,
Елордамыз Астана

**Қайырмасы:**Жас Ұлан елімнің ертеңі
Жас Ұлан жазылар өркені
Қазақстан кемесін қазақтың
Жас Ұлан жайылған желкені
Ұлы ел кемеңгер бастаған.
Ұлы жер таулары жастаған.
Қазақстан кемесін қазаққа
Жас Ұлан шырқалған асқақ ән.

**«Жас Ұлан» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымы» Республикалық қоғамдық бірлестігімен бекітілген 30 МАУСЫМ, 2016 ЖЫЛ**

## «Жас Ұландар» Әнұраны

**Әні мен сөзі: Ұ.Ж. Жаналиева**

Біз ұланы қазақ елінің

Туған жерін, сүйген Отанын.

Әке жолын, ана мейірімін,

Бойға жиған қасиетін.

**Қайырмасы:**

Жас ұлан, қалыспа!

Қырандай қарышта.

Еліміздің абройын

Асқақтатып әлемге

Нық ұстайық байрағын!

Көп білуге ұмтыламыз.

Өнер, білім, ғылымға.

Кеудемізде ар мен намыс

Жетеледі бізді алға.

**Қайырмасы:**

Жас ұлан, қалыспа!

Қырандай қарышта.

Еліміздің абройын

Асқақтатып әлемге

Нық ұстайық байрағын!

**Республикалық бірыңғай «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымы мүшелерінің салтанатты Уәдесі**

Мен, ______________________, Республикалық бірыңғай «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымының қатарына кіре отырып:

Өз Отаным – Қазақстан Республикасының патриоты болуға;

Мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, дәріптеуге;

Туған елім, жерім, Отанымды мақтаныш етуге;

Ата-анамды қадірлеуге;

Үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетуге;

Білімге табандылықпен ұмтылуға;

Салауатты өмір салтын ұстануға;

Табиғатты аялауға;

«Жас Ұлан» Ережесін бұлжытпай сақтауға және оны өз достарымнан талап етуге ант етемін.

Біздің жерлестеріміздің даңқты ерлігі өнегесі негізінде ерлікке үйренуге жәнеОтанға шексіз қызмет етуге салтанатты түрде

Ант етеміз! Ант етеміз! Ант етеміз!

**«Жас Ұлан» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымы қатарына**
# САЛТАНАТТЫ ОНЛАЙН ҚАБЫЛДАУ РӘСІМІ

***Түсініктеме:***

1. «Жас Ұлан» ұйымының қатарына салтанатты қабылдау рәсімі елімізде енгізілген карантин жағдайына байланысты онлайн түрде өткізіледі.
2. Қабылданған ұйым мүшелеріне электронды сертификат беріледі.
3. Төменде берілген нұсқаулық тек ұсыным ретінде қабылдансын. Әрбір мектеп осы нұсқаулықты басшылыққа ала отырып, өз мүмкіндіктеріне байланысты өзгерістер енгізе алады.

## Онлайн қабылдау рәсімін ұйымдастырып өткізу нұсқаулығы

***Қабылдау рәсімінің қатысушылары:***

- мектеп директоры;
- мектеп директорының орынбасарлары;
- аға тәлімгер;
- мектептегі «Жас Ұлан» ұйымының Ұланбасы;
- шақырылған қонақтар (ұйымдастырушы шешімімен);
- ұйым қатарына қабылданушы оқушылар;
- қабылданушы оқушылардың ата-аналары.

Алдын ала барлық қабылданушыларға жасұландықтың анты (жаттап алулары қажет) таратылып берілуі тиіс. Антты айтуға 1 оқушы дайындалады.

Рәсімді жүргізетін адамды ұйымдастырушы мектеп белгілейді.

Ұйым қатарына қабылданушы оқушылар мен ата-аналары өз үйлерінен онлайн қосылады. Қабылданушылар мектеп формасында болуы керек.

Ұйымдастырушы жақ мектепте жиналуына болады (өз еріктерімен).

Онлайн өткізу барысында қабылдау өткізілетін кабинетте артқы фонда мүмкіндігінше мемлекеттік рәміздер мен «Жас Ұлан» ұйымының атрибуттары (туы) болғаны жөн.

Онлайн қабылдау рәсімі міндетті түрде жазылып алынуы керек.

***Қабылдау рәсімінің барысы:***

- Жүргізуші амандасып, қатысушы қонақтарды таныстырады.
- Қазақстан Республикасының гимні қосылады. Іс-шара қатысушылары Гимнді мемлекеттік стандартқа сәйкес орындайды.
- Аға тәлімгердің «Жас Ұлан» ұйымы жайлы қысқаша түсіндірме сөзі, берілетін сертификаттар туралы айтып өтеді.
- Ұланбасы сөзі
- ***Ант беру сәті.*** Дайындалған оқушы антты жатқа айтады. Қалған қабылданушы оқушылар «Ант етеміз» деп хормен қайталайды.
- Мектеп директорының (немесе мектеп директорының орынбасарлары) ұйым қатарына жаңадан қабылданғандарды құттықтау сөзі
- Шақырылған қонақтың (егер болса) құттықтау сөзі

- Егер ата-аналар құттықтағылары келсе сөз беріледі.
- ***«Жас Ұлан» ұйымының гимні шырқалады.***
- Қатысушылармен қоштасу сәті.

**«Жас Ұлан» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымының**
**АНТЫ**

Біз,
«Жас Ұлан» ұйымына кіре отырып,
Қазақстан Республикасының патриоты болуға;
Мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, дәріптеуге;
Туған еліміз, жеріміз, Отанымызды мақтаныш етуге;
Ата-анамызды қадірлеп;
Үлкенге - құрмет, кішіге ізет көрсетуге;
Оқуда озат, еңбекте адал болуға;
Салауатты өмір салтын ұстануға;
Тәуелсіз еліміздің білімді, жігерлі, парасатты, отансүйгіш азаматы болуға
АНТ ЕТЕМІЗ, АНТ ЕТЕМІЗ, АНТ ЕТЕМІЗ!